

СҰЛТАН ОРАЗАЛЫНЫҢ ТЕЛЕӨНЕРДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

Әбсағат Арайлым Әділханқызы,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Журналистика және репортёрлік іс
бағдарламасының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
absagat.aa@gmail.com

Ғылыми жетекші – ф.ғ.к., профессор Сақ Қайрат Өмірбайұлы,
kaisak1964@yandex.kz

Сұңғыла сөздің Сұлтаны атанған ағамыз туралы Шыңғыс Айтматов: «Мен әлемдік теледидардың құдыретін білемін. Сондай өнердің тұтқасын ұстап, биік мәдениетпен іс тындырып жүрген өзіндей жігіттер көп емес»[1]деп айтқан екен. Әлемдік теледидардың құдыретін танып, ұлттық теледидарымыздың кірпішін қалаған, оны қазақы нақышта әрлеген Сұлтан ағаның еңбек жолы кімді болсын таңқалдырмай қоймайды.

Телевизия – уақыттың талабына сай дүниеге келген қуатты өнер саласы. Ол заман талабын сезе отырып, жаңа өнерді әкелу арқылы талай жұлдыздарды танытып, өнерін дүйім жұртқа көрсетті. Солардың қатарында – «Қымызхана», «Кек», «Отырар ойраны» секілді көп сериялы телеқойылымдар, «Сұхбат», «Кездесу», «Сахна» тәрізді әдеби хабарлар көпшіліктің көңілінен орын тауып, қошеметке бөленді. Осы арқылы сөз майталмандары мен өнердегі шеберлер хақында тұщымды толғаулар мен олардың өзіндік көзқарастарын жеткізді, өнердің, әдебиеттің сан-салалы тақырыптарында пікір білдіріп, қазақ теледидарының бейнесін қалыптастырды. Солардың бірі қазақ телевизиясының Алтын қорына енген, шоқтығы биік телеқойылым - «Сұхбат» болды. Сол кездің әдебиет алыптары атанған – Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Шәкен Айманов, Шыңғыс Айтматовтар туралы дүниеге бергісіз, алары мол, танымдық сұхбат жүргізді.

«Сұхбаттың» әр санын дайындау барысын үш кезеңге бөлген. Бірінші кезең – материалды жинақтап, кейіпкермен танысып-білісу кезі. Мұны автор ең жауапты кезең дейді. Сұхбаттасушының шығармашылығымен танысқан соң, онымен кездесу белгіленеді. Мысалы, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафинмен болған сұхбат алдындағы 1-2 айға созылған кездесулерінде жиырма-жиырма бес сағаттап әңгімелескен екен. Екінші кезеңге – сценарий жазып, қояр сұрақты нақтылап, сұхбаттасар тұлғаң хақында ой қорытуды алады. Үшінші кезең – хабарды монтаждап, бейнетаспаға жазу. Осы сәт жасаған жұмысыңның нәтижесін көрсететін кезең. Сөзге икемі жоқ кейіпкерді көлденеңінен көсілдіретін де немесе айтары көп адамды мардымсыз сұрақтарымен шатастыратын да – жүргізуші. «Жегені – жантақ, арқалағаны – алтын»-деген Шерхан ағаның сөзі осы тұсқа арқау болып отыр.

Сұлтан аға басқарған әдеби-драмалық бағдарламалар бас редакциясының ұжымы сол кездегі термешілік, жыраулық дәстүрді қайта жаңғыртты. Айтыс өнерін тікелей эфирге алғаш шығарды. Қазақта айтыс өнері жоқ деп санайтын кезде оны шығару оңайға соқпады. Өшкенін жандырып, өлгенін тірілкен, оқ бойы озық шыққан хабар - «Айтыс» болды. Мұның түп-тамыры 1971 жылы Ертіс бойындағы ақын-жазушылардың қатысуымен ұйымдастырылған - «Қайнар көзі

шабыттың» атты хабардан бастау алған екен. Осылай жыл сайын әр өңірде айтыс өнерін ұйымдастырып, шындай келе телеэфирге шығарды. Хабар алғашында «Бәйге» деген атпен шыққан-тын. Себебі қызыл империяның дәуірінде «Айтыс» деп шығаратын болса қазақтар ұлттық мәдениетін қайтадан жаңғыртып, ұлттық санасын оятып, ұлтшылдыққа ұйытып жатыр деген теріс ой болуы мүмкін болған. Айтысты шығаруға теле-радио комитет төрағалары қарсы шықса да, ауыз әдебиеті жанрын жаңғыртып, экранда насихатталуына Сұлтан ағаның барын салғаны белгілі. Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклор бөлімінің ұжымымен бірлесе ел ішінен айтысқа бейімі бар таланттыларды жинай бастайды. 1982 жылғы Қазақ телевизиясының тақырыптық жоспары басылатын кітапшада «Айтыстың» сценарийі шығады. 1983 жылы «Қазақстан коммунисті» журналында айтыс туралы ой-пікірлерін жариялайды. Көп жылдық маңдай тердің арқасында, екі жыл қатарынан телевизияның жылдық жоспарына айтысты ұсына жүріп, көпжылдық бағдарламасын жасап, ақыры 1984 жылы телеэфирде «Айтыстың» тұсауын кесті. Жаңа жылдың алғашқы күнінен эфирге жол тартқан «Айтыс» бірнеше жанрды (қайым айтыс, өтірік өлең айтыс, тақырыптық айтыс, қыз бен жігіт айтысы) қамтып, кеңейе түсті. Шындығында, ақындар айтысының үзіліп қалмай телеэкранда сақталып келгені – ұйымдастырушылардың қабілеттілігін, дарындылығын, телеөнер мен айтыстың табиғи үндестігін аңғарған нағыз шеберлер екенін көрсетеді. Сол кезеңде ел ішінен дарынды адамдарды іздеп, шығармашылық қабілетінің ашылуына көмектесу оңайға соқпады. Табиғи айтыс пен телеэкрандағы айтыс бір бөлек. Мұрағаттан телеайтысты көріп, оған көзім анық жетті. Телевизиядағы айтыс, ол арнайы сценарий бойынша шығармашылық топтың арқасында келетін туынды. Бірақ, бұл «Айтыс» хабары сол заманның талап-тілегіне орай түрленген. «...ал ақындардың сөз сайысына келер болсақ, онда ара-тұра болса да ұшқыр ойлар, көркем жолдар, ақындардың қайталанбас шабытты сәттері кездесіп отырады»[2]. Мазмұны жағынан заманасының мұңын шағып, халықтың жүрек түкпіріндегі өзекті мәселесі мен ойларын ақындар өз деңгейінде көтере білген.

Сын түзелмей, мін түзелмейді. Ешбір дүниенің мінсіз болмайтынын ескерсек, сол уақытта шыққан хабарлардың да кемшін тұстары болды. Оны Ә. Әбішев ағаның сөздерінен аңғаруға болады: «Телеқойылымдардың драматургиясындағы кемшіліктерді де атап айтудың реті бар. Мысалы, «Қымызхананы» алайық. Спектакльдегі көтерілетін тақырып ауқымында таршылық бар. «Халық қазынасы», «Шұғыла» атты хабарлардың көркемдік дәрежесі біркелкі емес. Ал, тәп-тәуір басталған «Алтыбақан» хабары соңғы кезде қожырап, оған қатысатын базбір жастардың тілі жаңа шыққан баладай сөйлеуі әдетке айналып барады. Көркем тіл – әдеби туындының басты қасиетін естен шығармау ләзім»[3]. Теледидардың басты қаруы – сөз болғандықтан, бүкіл әлем көретін экрандағы сөз мәдениеті жайлы сыни пікірлер орынды-ақ. Осы кезде кейбіреулер теледидардың өмірге келуі театрды, киноны құрдымға кетіреді деп бәйек болған. Бірақ, бұл пікірдің жалғандығын өмірдің өзі көрсетті. Сәйкесінше, теледидар – таршылық заман уақытында басқа өнер салаларының жоғалмауы үшін әр өнерден ашытқы алып, көк жәшікке бәрін қосып, ұйытып тұрды.

Өмірге жаңалықтың жаршысы болып, хабар тарату мақсатымен келген теледидар әп-сәтте миллиондарды өзіне телміртіп, өнер саласына айналды. Нақтырақ, телеөнер саласына. Әрбір өнер дүниеге келген соң жаңалық ашып, өзіндік орнын қалыптастырғысы келеді. Қазақ телевизиясы бейне мен қимылға сөз арқылы жан беріп, ұлттық өнер мен құндылықтарды жасау арқылы оны жасады. Сұлтан Оразалының талабы мен ізденісі нәтижесінде көк қоржынға 300-ге жуық әдеби сценарийлер, 20-ға жуық деректі фильм мен 40 шақты ғылыми-зерттеу мақалалары қосылды. Сұлтан аға қойылымдарының жемісті болуы әдеби негіздің сапасы мен режиссердің телеэкран заңдылықтарын назарға алуының арқасында болды. Телеэкранды көрушілердің көп сериялылыққа басым болатынын аңғарған драматург сериялы спектакльдерді енгізді. Теледидарды синтездік өнер ретінде қарастырып, оның бойына түрлі өнер саласын біріктірді. Бірақ, сол салалардың жиынтығын емес, қайта солардың басты ерекшеліктерін өзіне алып, жаңа тың дүние жасап шығарды.

Қоңыр үнінен жаңылмай жүргізген хабарлары, көтерген мәселелері, әкелген жаңалықтары арқылы көрерменін тәнті еткен Сұлтан – телевизия сұлтанына, сұңғыла сөздің сұлтанына айналды. Қазір қарап, оқып шыққанға жеңіл болғанымен, сол кезеңде батылдық көрсетіп, қиындыққа жігерін жасытып қоймай, қазақ телеөнеріне оң өзгеріс әкелуі оңайға соқпағаны анық. «Бүгінгі таңда қалың бұқара арасында идеологиялық және тәрбие жұмысын жүргізудегі ең

қуатты құралдардың бірі – теледидар. Бір сәттің ішінде миллиондаған адамдардың басын қосып, кез келген оқиғаға куә ете алатын шағын экран арқылы жұртшылықтың ақыл-ойын баурап алу жолындағы майдан, шындық үшін күрес әсте толастаған емес» [4].

Сөз қадірін біліп, парқын айыра білген жазушы, баспагер, «көгілдір экранның көркіне» айналған Сұлтан Шәріпұлы телеөнер саласына басқаларға үлгі-өнеге, білім болатын өзіндік ізін салды. Жарты ғасырдан аса уақыттан бері әр үйдің төрінен орын алып тұрған көк қобдиша оқиға ізін суытпай «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар таратып», замана талабына сай жаңа дүниелерді енгізіп, бұрынғымен салыстырғанда әлдеқайда жоғары деңгейде беріп отыр. Бұл ретте, кезінде осы өнердің жолын салған тұлға мен қазіргі телевизия арасындағы дәстүр сабақтастығын көре аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оразалы С. Теледидар өнері. Астана: Фолиант баспасы, 2011. – 11б.
- 2 «Айқын» газеті, 24 қаңтар 2009 жыл.
- 3 «Қазақ әдебиеті газеті», 27 шілде 1979 жыл.
- 4 Оразалин С. Ш. Жүректің көзі ашылса. От первого лица. Алматы: Өнер, 2001. – 355б.